ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР КАФЕДРАСЫ

Ғылыми жұмыстар

Кафедраның ғылыми мектебі қазақстандық философия, дінтану және мәдениеттану ғылымдарының қалыптасуы мен дамуына үлесін қосады. Ғылыми мектептің қызметі ұлттық рухани-мәдени мұраны, дүниетанымдық дәстүрлерді және заманауи гуманитарлық үдерістерді кешенді түрде зерделеуге бағытталған.

Кафедрада PhD, аға оқытушы Т.Т. Абыловтың жетекшілігімен тұрақты негізде ғылыми семинар жұмыс істейді. Аталған ғылыми алаң аясында ұлттық философия, дінтану және мәдениеттанудың өзекті теориялық және әдіснамалық мәселелері талқыланып, ғылыми сараптамадан өткізіледі. Семинардың жұмысына профессор-оқытушылар құрамы, магистранттар мен докоранттар белсенді қатысып, ғылыми пікір алмасу мен зерттеу нәтижелерін апробациялау жүзеге асырылады.

Кафедраның профессор-оқытушылар құрамы білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына жүйелі түрде жетекшілік жасап, студенттерді университетаралық ғылыми байқауларға, республикалық пәндік олимпиадаларға және ғылыми жобалар конкурстарына дайындайды. Бұл жұмыс білім алушылардың ғылыми әлеуетін дамытуға, зерттеушілік құзыреттерін қалыптастыруға және академиялық жетістіктерін арттыруға ықпал етеді.

Кафедра профессор-оқытушылар құрамының ғылыми және ғылыми-әдістемелік қызметінің нәтижелері монографияларда, оқулықтарда, оқу құралдарында, сондай-ақ әдістемелік әзірлемелерде кеңінен көрініс тапқан. 2025 жылғы ғылыми-зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша кафедра оқытушыларының 95 ғылыми мақаласы жарияланды, оның ішінде:

– импакт-факторы бар халықаралық басылымдарда – 20 мақала;

– алыс шетелдік ғылыми журналдарда – 6 мақала;

– жақын шетелдік басылымдарда – 5 мақала;

– ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (БҒСБК) ұсынған журналдарда – 10 мақала;

– Қазақстан Республикасының ғылыми басылымдарында – 11 мақала;

– халықаралық және республикалық ғылыми конференция материалдарында – 43 мақала.

Сонымен қатар, есептік кезеңде 9 монография, 2 оқулық және 2 оқу құралы жарық көрді.

Кафедра оқытушылары ғылыми-зерттеу қызметін белсенді түрде жүзеге асырып, зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған, сондай-ақ Web of Science, Scopus, РИНЦ, КИНЦО сияқты халықаралық және ұлттық индекстеу базаларына кіретін ғылыми басылымдарда жарияланды.

Кафедраның профессор-оқытушылар құрамы жариялаған ғылыми еңбектердің ғылыми-теориялық және қолданбалық маңызы жоғары. Зерттеу нәтижелері білім беру үдерісіне енгізіліп, философия, дінтану және мәдениеттану бағыттары бойынша оқу пәндерінің мазмұнын жаңғыртуға және білім беру бағдарламаларын жетілдіруге кеңінен пайдаланылуда.

Студенттік ғылыми-зерттеу қызметі және ғылыми клубтар жұмысы

Студенттердің ғылыми-зерттеу қызметіне ерте кезеңнен бастап тартылуын қамтамасыз ету, олардың ғылыми ойлау мәдениетін қалыптастыру және ғылым жолына бағыт-бағдар беру мақсатында кафедрада ғылыми-зерттеу жұмыстарының түрлі нысандары жүйелі түрде дамытылуда. Атап айтқанда, студенттердің халықаралық, республикалық

және университетішілік ғылыми іс-шараларға қатысуы, ғылыми клубтар мен танымдық алаңдардың қызметі белсенді түрде ұйымдастырылады.

Осы бағыттағы жұмыстардың нәтижесінде кафедрада «**Руханият бастауы**» және «**Толық адам**» танымдық-философиялық клубтары табысты жұмыс істеп келеді.

«Руханият бастауы» танымдық клубының жетекшісі – **PhD, аға оқытушы Орынбеков Нурлан Амангазинович**, ал «Толық адам» танымдық-философиялық клубының жетекшісі – **магистр, аға оқытушы Сырбаев Ербол Умирзакович**.

Аталған клубтар аясында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері жүйеленіп, клуб отырыстарында талқыланады, студенттік ғылыми топтарда тыңдалып, ғылыми конференцияларға қатысуға және жарияланымдарға ұсынылады. Клуб жұмысы барысында студенттер ғылыми пікірталас жүргізу, баяндамалар жасау, зерттеу нәтижелерін қорғау және сыни талдау дағдыларын меңгереді. Алынған тәжірибе студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының анағұрлым күрделі түрлеріне белсенді түрде қатысуына мүмкіндік береді.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Тарих және құқық факультетінде студенттер мен жас ғалымдардың дәстүрлі ғылыми конференциялары тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Бұл ғылыми форумдар Қазақстанның ғана емес, сондай-ақ жақын және алыс шет елдердің студенттері мен жас ғалымдары үшін өзекті мәселелерді талқылайтын халықаралық пікірталас алаңына айналды.

Атап айтқанда, **2025 жылғы 19 қарашада** Дүниежүзілік философия күніне орай **«Қазақстандық студенттердің ел болашағына философиялық көзқарасы»** тақырыбында **VI дәстүрлі университетаралық студенттік конференция** өткізілді. Аталған конференция студенттердің дүниетанымын кеңейтуге, сыни ойлау қабілетін дамытуға және философиялық рефлексия мәдениетін қалыптастыруға бағытталған және тұрақты негізде ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, **2025 жылдың қараша айында** Тарих және құқық факультетінің «Гуманитарлық ғылымдар» кафедрасының білім алушылары университеттің студенттері мен магистранттарының **80-ші ғылыми конференциясына** қатысып, «Философия» және «Мәдениеттану» секцияларында мазмұнды баяндамалар жасап, өз ғылыми тұжырымдарын ортаға салды.

Жалпы алғанда, «Гуманитарлық ғылымдар» кафедрасының білім алушылары пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобалар конкурстарына, халықаралық конференциялар мен дөңгелек үстелдерге, сондай-ақ түрлі деңгейдегі ғылыми іс-шараларға белсенді қатысып, кафедраның студенттік ғылымды дамытудағы жүйелі жұмысын айқындайды.